

АНА ТІЛІ

Ұлт Таза тілі

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады



Төлек Жәуке батырдың ескерткіші орнатылды

Арқалықтықтар қала күнін үлкен қуанышпен қарсы алды. Өздеріңіз білесіздер, Арқалық тағдырдың мехнатын көп шеккен қала. Шүкір, қазіргі уақытта шаһардың тынысы ашылып, қара тұманнан бұлыңғыр болашағы сейіліп, алдағы күндерге деген халықтың сенімі мен үміті күннен-күнге арта түсті. Қазір шағын қала дамудың, жанданудың үстінде. Шаһар өзінің 57 күзінде тағы да бір үлкен тарихи тұлғаның ескерткішімен толықты. Былтыр дәл осы уақытта ұлы Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші қалаға көрік берсе, енді біздің қалаға келушілерді теміржол вокзалынан түскен кезінде Ер Жәуке батыр қарсы алады.

Торғай өңірі – хас батырлар мен дүлдүл ақындар елі екені ежелден-ақ баршаға аян. Бұл ескерткіш қалаға рух беріп, еңсесін көтеріп тұрғандай. Себебі Жәуке батыр Кенесары ханның ұлт-азаттық жолында күрескен қаһарман сардарларының бірі, Наурызбай батырдың досы. Төлек руынан шыққан Жәуке Назарғұлұлының ескерткішінің бой көтеруіне ұрпақтары демеушілік жасады. Ескерткіш қаланың көрікті жерлерінің бірінен қоныс тепті. Кезінде қалаға келгенде қираған, құлаған үйлерді көріп көңіл құлазушы еді, ендігі кездегі әсер бөлек болмақ.

Қала тұрғындары батыр бабаның 175 жылдығы Торғай өңірінде дүркіреп өткенін жақсы біледі. Оны ұйымдастырып, басы-қасында болған академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдісағит Тәтіғұловқа ел дән риза болып еді. Жәуке батырдың ерлігі мен өмірі туралы жазылған шығармалар баршылық. Соның бірі топжарған ақын Нұрханның «Қарға» дастаны мен батырдың ұрпағы, жерлесіміз белгілі публицист, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның Бас директоры – редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалиннің «Ер

Жәуке мінбегенмен алтын таққа» деп аталатын деректі хамсасы. Тарихи тұлғаның ескерткішін сомдаған шаһарымыздың құрметті азаматы, көптеген тарихи тұлғалардың рухын тірілткен мүсінші Әбілбек Ұзақұлы.

Ер Жәуке тұғырының ленталық рәсімін салтанатты түрде қала әкімі Ғазиз Ерболатұлы мен батырдың ұрпағы, кәсіпкер Хисамеден Сапарғалиев қиып, тарихи оқиғаның куәсі болып тұрған қала қауымы алдында шаһар басшысы ескерткіштің бой көтеруіне атсалысқан азаматқа Алғыс хатын тапсырды. Салтанатты шарада мектеп оқушылары патриоттық әндер орындаса, қаланың зиялы азаматы, батыр әулетінің күйеу баласы Жәнібек Ғаббасұлы көпшілік алдындағы мінберге шығып Жәуке батырдың өмір жолы мен ерлігіне кеңінен тоқталса, батырдың ұрпағы, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Дастан Жұмабекұлы құттықтау сөзін сөйлеп, үлкен қуанышпен бөлісті. Қасиетті жұма күнімен тұспа-тұс келген қала күні екі күндік үлкен мерекеге ұласты.

Біз тарих және филология факультеттерінің студенттері салтанатты шараға арнайы барып, тарихта мәңгіге қалатын биік тұғырдың ашылуын өз көзімізбен көріп, үлкен әсермен бөлістік. Біз – болашақпыз! Болашақта ел мен жердің тізгінін ұстар біздер болғандықтан, бұндай шаралардың басы-қасында біздердің жүргендеріміз абзал. Күні ертең келер ұрпаққа аңыз қылып айтып отырамыз. Арқалық біздің көз алдымызда өркендеп, көркейіп келе жатқанын көрудің өзі тарих! Алдағы күндерде ақ түйенің қарны жарылар, қуанышты күндер көп болғай.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» демекші, тәуелсіздік жолында құрбан болған әрбір азаматтың еңбегін дәріптеу, болашақ ұрпаққа насихаттау парыз. Торғай өңірінде ескерткішке айналар тұлғалар көп, солардың барлығы өз алдына тастұғырға айналса көптік ете қоймас. Ол үшін қаладағы қалталы азаматтар демеушілік жасап жатса нұр үстіне нұр болары анық.

Елдос ТОҚТАРБАЙ